

**ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ
АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы корпоративтік басқарудың құрылымы шектеулі үкілеттілігімен Байқау кеңестері және кәсіпорынның жеке-дара басшысынан құрылатынын атап өту қажет.

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №132 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Байқау кеңесін қалыптастыру бойынша конкурстық комиссияның 2018 жылғы 14 қыркүйектегі қорытынды хаттамасына сәйкес колледжімізде корпоративтік басқару қағидаттарының қозғалтқышы ретінде Байқау кеңесі өз жұмысын атқарып келеді. Байқау кеңесі мүшелері колледжіміздің одан әрі дамуына үлкен үлесін қосып келді. Сонымен қатар корпоративтік басқару жүйесіндегі қызметінің рөлін арттыруда Байқау кеңесі жанындағы ішкі аудит қызметі, Кәсіпорын омбудсмені, Іскерлік этика кеңестері өз жұмыстарын атқарып келеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУДА

- Корпоративтік басқару кодексі қайта қаралып, Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқарма басшысымен бекітілді.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

Байқау кеңесінің төрағасы:

1. **Даньяров Самат Бағдатович**-ШЖҚ «Отбасылық медицина орталығы» МКК бас дәрігері

Отырысқа қатысқан Байқау кеңесі мүшелерінің жеке құрамы:

2. **Тулкибаева Бакытжан Мажитовна** - Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен баланы қорғау жөніндегі орынбасары

3. **Телеуов Мурат Койшибаевич** – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің хирургия кафедрасының профессоры.

4. **Кузбаков Мажит Хамитович** -ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК директоры

5. **Көптілеуов Жексенбі Аққабиұлы** – ШЖҚ" Ақтөбе медициналық орталығы " МКК кәсіподақ комитетінің төрағасы

6. **Танжарбай Ақбота Ерболатқызы** - ШЖҚ" Ақтөбе облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы " МКК заңгері

7. **Мүстеменов Талғат Тұртайұлы** -Ақтөбе Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжі директоры

Байқау кеңесінің хатшысы – Абдуллина Луиза Едиловна.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ, ТОҚСАНЫНА КЕМІНДЕ БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕДІ. КОЛЛЕДЖІМІЗДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛДАРЫ БОЙЫНША ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ӨТКІЗІЛДІ, ОНДА КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ:

- Колледждің Даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келісу, колледждің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту.

- Стратегиялық жоспар индекаторының жылдық есебі.

- Колледждің 2021-2026 жылдарға арналған Даму бағдарламасының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды берді.

-2023 жылға арналған колледж басшылығының лауазымдық жалақы мөлшерін төлеу ережесін бекіту мәселесін қарастыру. 2023 жылға арналған мекеменің жалақы төлеу Ережесін бекіту.

-2023-2024 оқу жылдары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде талапкерлерді қабылдау.

-2023-2024 оқу жылына арналған шарттық негізде бір білімалушыны оқыту бағасының преЙскурантын бекіту.

(Оқу жылы бойынша 6 отырыс өткізілді, оның біреуі сырттай отырыс. Жыл бойына отырыстарда 18 сұрақ қаралып, барлығы орындалды)

Басқару органының мақсаты-дипломдық, дипломнан кейінгі білім беру жүйесін жетілдіру және денсаулық сақтау кадрларын үздіксіз кәсіби дамыту болып табылады. Ұйымның мақсаты-практикалық денсаулық сақтауды қамтамасыз ету үшін жоғары кәсіби, белсенді, бастамашыл, стандартсыз ойлайтын және тиімді жұмыс істейтін медицина персоналының мамандарын, қолданбалы бакалавриат деңгейіндегі мейірбике specialistов мамандарын даярлау. Қазақстан Республикасында мейірбике ісін дамытуға белсенді қатысу. №1 міндет техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау. № 2 міндет кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау. Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау бойынша оқыту жоспарлануда - 1 685,0 оқушы, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша - жылына орта есеппен 757 адам, ақылы негізде - 686 оқушы, республикалық қаржыландыру бойынша қолданбалы бакалавриат оқушылары-45 адам, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімшесінде тыңдаушылар саны 890 адамға жоспарланған. оның ішінде бюджеттік негізде-497 адам, шарттық негізде-363 адам.2023 жылғы кірістердің жалпы сомасы; мамандарды даярлау , біліктілікті арттыру жөніндегі қызметтерді іске асырудан және т. б.

Сыртқы аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды мақұлдау, қаржылық есебінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның көрсеткен қызметіне төлем жасау мөлшерін анықтау.

2022 жылға колледж есеп бөлімінің қаржылық есептілік аудитін өткізу үшін және аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындауда бірнеше аудиторлық ұйымдарынан баға ұсыныстары ұсынылып отыр. «Азия Партнер Аудит» ЖШС ұйымы ҚР қаржы министрлігі берген аудиторлық қызметпен айналысуға болатын 2009 жылғы 15 қыркүйектегі №0000043 мемлекеттік лицензиясы бар, "Коллегия аудиторлов" кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады Халықаралық аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетіндігін ескереді. 2022 жылға арналған қаржылық есептіліктің аудиті (1500000 бір миллион бес жүз мың) теңгені құрайды. (ұсыныс көшірмесі хаттамаға қосымша тіркелді). «Star Audit» аудиторлық ұйымы. Бұл жоғары кәсіби мамандар тобы, аудиттің барлық салаларында практикалық тәжірибесі бар, сапалы консалтингтік және аудиторлық қызметтердің толық кешенін ұсынылды. Нәтижесінде отырыстың шешімі негізінде колледж қаржылық аудитін жүргізуге «SM Audit» аудиторлық ұйымы белгіленді.

Байқау кеңесінің кезектен тыс №5 сырттай 22.05.2023ж. отырысы өткізілді Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін штаттық кестеде құру және жауапты тұлғаны қайта тағайындалды.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ережесін», «Комплаенс- офицері туралы ережесі» бекітілді.

Колледжде 31.05.2023жылғы №60-Н/Қ бұйрығы негізінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Шарипов Алшынбай Муфтуллович – колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі (комплаенс-офицер)

Б.А.Елеуова – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мүшесі

Л.Е.Абдуллина – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мүшесі

Ф.М.Абишова – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мүшесі

Б.Ж.Жайлыгулова – колледждің «Аманат» партия тобының төрайымы

С.С.Исмагулова – «Ардагерлер кеңесінен» төрайымы

Б.Ж.Дабылдина – Жастар комитетінің төрайымы

ШЖҚ «Кенес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары Медициналық Колледжі» МКК 31.05.2023жылғы №60-Н/Қ бұйрығының негізінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттарда жүргізілді: Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, колледждің басқару ұйымдастыру қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтау, еңбек тәртіптік тәжірибесі, оқу үрдісін бақылауды ұйымдастырудың іс шаралары, қабылдау комиссиясы, колледжінің жатақханасына қабылдау.

Колледж білім алушылардан анонимді түрде сауалнама алынып, студентердің сыбайлас жемқорлық туралы ақпараттар білетіндігі, сыбайлас жемқорлық қоғамдық дертті екендігін, заңды күшейту, жалақыны көтеру арқылы шешуге болатынын мүмкін екендігін, атап өтті.

Студенттердің сыбайлас жемқорлық туралы топ жетекшілерімен тәрбие сағаттары өткізіп, ақпарат айтылып отыратындығы белгілі екендігі айтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған шешімдерді қабылдай отырып, байқау кеңесінің отырыстарында жыл бойына қаралды.

Сонымен қатар байқау кеңесінің барлық мүшелеріде колледж қызметінің негізгі бағыттарын, қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша өз ұсыныстарын біллідіріп, байқау кеңесі мүшесі ретінде колледж жұмысын қанағаттанарлық деп есептейді.

Байқау кеңесінің төрағасы: С. Даньяров

